Ұ Й Ғ А Р Ы М

2025 жылғы 17 наурыз іс №4712-25-00-2/204 Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.О.Аташева, сот отырысының хатшысы С.Жаукен отырып, талап қоюшы Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сот шешіміне түзетулер енгізу туралы арызын қарап,

А Н Ы Қ Т А Ғ А Н Ы:

11 ақпан 2025 жылғы сот шешімімен талап қоюшының талап қоюы қанағаттандырылған.

Қазақстан Республикасының АПК-нің 235-бабының 2-бөлігіне сәйкес сот шешімде жіберілген қате жазуларды немесе анық арифметикалық қателерді өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын тұлғалардың арызы бойынша түзете алады.

Алайда, шешімді дайындау барысында жауапкердің тегі дұрыс көрсетілмеген, сондықтан осы қатені түзету қажет.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 235, 268-269 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «Мерген» ЖК басшысы Уксикбаев Даурен Сакеновичке мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы азаматтық іс бойынша 11 ақпан 2025 жылғы сот шешіміне кеткен қате түзетілсін.

Шешімде «Ускенбаев» деген жазба орнына «Уксикбаев» деп көрсетілсін.

Ұйғарымға тараптар немесе прокурор, ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотына жеке шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.О.Аташева

Документ подписан: Аташева А. О., 25.03.2025

4712-25-3-1/104

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 11 ақпан № 4712-25-00-2/204іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
«Мерген» жеке кәсіпкер басшысы Ускенбаев Даурен Сакенович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226- баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Мерген» жеке кәсіпкер басшысы Ускенбаев Даурен Сакенович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Мерген» жеке кәсіпкер басшысы Ускенбаев Даурен Сакеновичтен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның

Документ подписан: Аташева А. О., 11.02.2025

Дата вступления в законную силу: 12.03.2025, судья Аташева А. О., 12.03.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Документ подписан: Аташева А. О., 11.02.2025

Дата вступления в законную силу: 12.03.2025, судья Аташева А. О., 12.03.2025

4712-25-3-1/104